

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б. 89-91

ҚОЙ ГЕЛЬМИНТОЗДАРЫНДАҒЫ АНТГЕЛЬМИНТИКТЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТИІМДІЛІГІ

*А.Ж. Айтқожина, ветеринария ғылымдарының магистрі, ассистент
С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Нұр-Сұлтан қ*

Қой шаруашылықтары жақсы дамыған өз елімізде әрине сөзсіз гельминттердің себебінен көптеген малдың басы өнімдерін төмендетіп қана қоймай, айтарлықтай өлім-жітім көрсеткіштері жоғары болатын гельминттердің арасында Қазақстанның орталық облыстарында ас қорыту жүйесінде күнелтетін стронгилят, оның ішінде трихостронгилидтердің алатын орны бөлек [2].

Біздің елімізде қой нематодирозын қоздыратын құрттардың 11 түрі табылған, соның ішінде *N. spathiger*, *N. abnormalis*, *N. oiratianus* осы үш түрді сипаттағань [1]. Нематодироз Қазақстанда кең таралған ауру болып табылады. Одан қозылардың өлім – жітімге ұшырауы республикамыздың далалық алқаптарында байқалады. Бұл гельминтоз Орал, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Кереку және Семей өңірінде жиі кездеседі. Тіпті жас туған қозыларда 2,5–5,8 %-нан нематодирлер табылған [3].

Blouin M.S. өз тәжірибесінде антгельминттік препараттардың ішінен: ивермек, аверсект-2 қойларға – псороптозда, хориоптозда, мелофагозда, эстрозда, диктиокаулезде, протостронгилезде, мюллериозда, гемонхозда, остертагиозда, нематодирозда, маршаллогиозда, коопериозда, хабертиозда, эзофагостомозда, буностомозда, трихоцефалезде қолданған [4].

Зерттеу жұмыстары 2021-2022 жылдары Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Ветеринариялық медицина» кафедрасының, профессор Нұрғали Тәсілұлы Кәдіровтың атындағы зертханасында және Қорғалжын ауданы Қараегін ауылы жеке меншігіндегі қойларында қамтыла орындалды. Зерттеулер мен препараттардың тиімділігін анықтау жұмыстарына барлығы қазақы тұқымдас қойдың – 150 басы қамтылды.

Антгельминттік препараттардың ішінен: ивермек, аверсект-2 және альбен араластырылған азықтық-емдік қоспа нұсқасы қойларда сынақталды. Қазақстан территориясында қолданыста болып жүрген бензимидазол тобына қарасты альбен препараты «Цесна Астық» концернінің құрама жем дайындайтын зауыты жағдайында арнайы технологиямен араластырылған азықтық-емдік қоспа (АЕҚа) нұсқасы қолданылды. Аталған

антгельминттикттердің тиімділігін анықтау құрылған 3 тәжірибе топтарында жүргізілді.

Жеке меншікқойларының гельминтоздарға шалдығуын анықтау біздің қатысуымызбен жайылым уақытында 3 рет жүргізілу (қыркүйек, қазан және қаңтар айларында) нәтижесінде төмендегі мәліметтер алынды. Қойларлардың паразитоздарға шалдығуын анықтау гельминтологияға белгілі Фюллеборн (копроовоскопия) және Берман-Орлов әдістерінің (копроларвоскопия) көмегімен жүргізіліп, олардың арасында асқорыту жүйесінің стронгиляттарының ішінен төмендегі паразиттердің қоздырушылары: гемонхус, нематодирус, трихостронгилюс жұмыртқалары табылды.

Кесте 1 мәліметтерінен қой арасында негізінен барлық стронгилят жұмыртқалары анықталғандығына қармастан, жиі кездесетіндердің бірі ретінде нематодирден басқа стронгиляттарды, соның ішінде: остертагий, трихостронгил, маршаллагий, гемонх, буностом және сирек эзофагостом мен коперий туыс өкілдері тіркелді (кесте 1).

Кесте 1 –Қойлардың гельминтоздарға шалдығу қарқыны

Мал тобы	Мал саны, бас	Нематодирозға шалдыққаны, бас/%	Гемонхозға шалдыққаны, бас/%	Басқа стронгилятоздарға шалдыққаны, бас/%
Саулықтар	60	18/30	15/25	30/50
Қойлар 1,5 жасқа дейінгі	50	30/60	20/40	25/50
Қозылар	40	20/50	18/45	17/42,5
Барлығы	150	80/53,3	78/52	62/41,3

Қой нәжісімен сыртқа түскен гельминттерді (трихостронгил, гемонх) біртіндеп шаю әдісімен жинап, кейіннен оларды туысына дейін жіктеу мақсатында сүт қышқылы мен глицирин қоспасында (1:1 арақатынаста) 2-3 күн ұстап, уақыт өтісімен морфологиялық ерекшеліктері және ішек торшаларының санын ескере келе туысына дейін (гемонхус, нематодирус, трихостронгилюс) жіктедік.

Қойларды дегельминтизациялау жұмыстарын ивермек, аверсект-2 және альбен араластырылған АЕҚ қоспа нұсқасын қолдана жүргіздік және төмендегі нәтижелер алынды. Ивермектиндерді қолдану нұсқауға сәйкес қолданылып, әр 50 кг тірі салмағына 1 мл дозада мойынның тері астына егілді, ал АЕҚ әр 30кг тірі салмағына 150г мөлшерде берілді. Егу нәтижесінде жеке меншіктегі 100 бас қой ішкі паразиттерден (негізінен стронгиляттардан) және сыртқы жүн арасындағы паразиттерден толығымен сауықты. Ал, азықтық-емдік қоспа нұсқасымен жеке меншіктегі 50 бас қой сынақтан

өткізілді.Препараттарды қолданбас бұрын гельминтоздарға шалдығу қарқыны анықталған соң, дәрілердің тиімділіктері анықталды (кесте 2).

Кесте 2– Қолданылғанантгельминтиктердіңтиімділігі

Топтар	Препараттар	Дозасы	Мал саны, бас	Экстенстиім -ділігі, %
I	Ивермек	1мл/50кг	50	97
II	Аверсект-2	1мл/50кг	50	97,8
III	АЕҚ	150г/30кг	50	100

Кесте 2 – деректеріне сүйенсек қолданыста болған 3 препараттың барлығы дерлік нематодоздарға, оның ішінде ас қорыту жүйесінің стронгилятоздарына жоғарғы дәрежеде әсері болды. Дегельминтизацияланған қойлар 100% сауықты.

Қорытындылай келе, 3 препаратқа сараптама берер болсақ, экстенстиімділігі бойынша ивермек, аверсект-2 және АЕҚ препараттары 100% қойлардың сауығуына мүмкіндік береді. Бірақ осылардың ішіндегі ең тиімдісі АЕҚ болып табылады, өйткені уақытты үнемдейді және қол күшін қажет етпейді.

Сондықтан, алынған деректерге сүйене отырып, АЕҚ, ивермек пен аверсект-2 препараттарының жоғарғы тиімділік көрсетуін ескере олардың қолданылу аясын кеңейту және шаруашылыққа қатысты қажеті маңызды.

Жүргізілген жұмысқа қатысты зерттеулердің нәтижесінде келесі қорытындыларды шығаруға болады:

1. Жеке меншік қойларының 1,5 жасқа дейінгілері негізінен 56-83,2 % стронгилятоздармен дерттенген.

2. Қозылардың басым көпшілігі 46 %-ға дейін нематодироз және гемонхозға жайылым мерзімінің алғашқы айларында шалдығады.

3. Қойларды сауықтыру мақсатында: ивермек және аверсект - 2 тері астына, ал альбен араластырылған азықтық - емдік қоспаны топтап азық ретінде беру арқылы жүзеге асырылса 100% экстенстиімділікті көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Кадыров Н.Т. Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных. А.-2000. – 250с.

2Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Оқулық-Алматы-2011. – 395б.

3 Туганбаев А.А. Беркинбай О. Қой ішегіндегі эймерия мен маршаллагия қоғамдастығы. Ветеринария. №2(12)2010. – 32б.

4 Blouin M.S. Molecular prospecting for cryptic species of nematodes: mitochondrial DNA versus internal transcribed spacer. Int J Parasitol (2002) 32:527–31. doi:10.1016/S0020-7519(01)00357-5.